

## Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 92-VII ҚРЗ

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 19-бапта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы айғақтар беруге міндетті емес.;"

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларда аталған адамдар айғақтар беруден бас тартуға құқылы және бұл үшін оларды қандай да бір жауаптылыққа тартуға болмайды.;"

2) мынадай мазмұндағы 668-1-баппен толықтырылсын:

"668-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің занды қызметіне араласу не кедергі келтіру

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты оның занды қызметін жүзеге асыруына араласу не кедергі келтіру – лауазымды адамдарға – он бес, занды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.;"

3) 684-баптың бірінші бөлігі "668," деген цифrlардан кейін "668-1," деген цифrlармен толықтырылсын;

4) 804-баптың бірінші бөлігінің 33) тармақшасындағы "668-баптар" деген сөздер "668, 668-1-баптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 874-1-баппен толықтырылсын:

"874-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу шарттары мен тәртібі

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімінсіз күштеп әкелуді , сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға болмайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға алып келетін әкімшілік жауаптылықта тартуға, күштеп әкелуге келісім алу үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ведомстволық бағыныстырығына сәйкес мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына ұсыну енгізеді. Ұсыну әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберер алдында, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген сотқа, органға (лауазымды адамға) мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешер алдында енгізіледі.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының шешімін алғаннан кейін іс бойынша одан әрі іс жүргізу осы Кодекстің 819-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сот тәртібімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады.";

6) 875-бапта:

тақырыптағы "Бас прокурорына" деген сөздер "Бас Прокурорына, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер судья істі қарағанға дейін Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 4-тармағында, 71-бабының 5-тармағында, 79-бабының 2-тармағында, 83-бабының 3-тармағында аталған мемлекеттік органдар күштеп әкелуге келісім беруден бас тартқан болса немесе мұндай келісім сұралмаса, судья осы Кодекстің тиісінше 870-бабының екінші бөлігінде, 874-1-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен күштеп әкелуге келісім беру туралы ұсыну жасап, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшелеріне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде күштеп әкелуді қолдануға құқылы.".

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. ТОҚАЕВ